

Қазақстан Республикасы – ХВҚ қызметкерлері миссиясының қорытынды мәлімдемесі, 2014 жыл

2014 жылғы 9 желтоқсан

Хоссейн Сами бастаған ХВҚ миссиясы экономикадағы және қаржы секторындағы ахуал мен саясат шараларын талдау мақсатында 3 – 8 желтоқсан аралығында Астана және Алматыда болды. Миссия ресми органдарға және кездесулердің басқа да қатысушыларына жылы қабылдағаны және пайдалы талқылау үшін алғыс білдіреді. Сапардың соңында Сами мырза мынадай мәлімдеме жасады:

Күрделі сыртқы ахуал экономикалық өсуге теріс ықпал етуде. Ішкі және сыртқы сұраныстың төмендеуі (әсіресе Ресейде, Қытайда және Еуропада), өңірдегі сақталып отырған шиеленіс, сондай-ақ мұнай бағасының төмендеуі салдарынан экономикалық өсудің 2013 жылы 6,0 пайыздан 2014 жылы 4,3 пайызға дейін төмендеуі болжанып отыр. Жуырда жария етілген бюджеттік қолдау шараларына қарамастан, ұзақ уақыт бойы сақталып келе жатқан дүниежүзілік экономика дамуының төмен көрсеткіштері нәтижесінде, оның ішінде мұнайдың барынша төмен бағасы салдарынан, сондай-ақ Қашаған мұнай кен орнының пайдалануға енгізілуінің мерзімдерін ауыстыру нәтижесінде 2015 – 2016 жылдары экономикалық өсу $4\frac{1}{2}$ - $5\frac{1}{2}$ пайызға жуық болады деп күтілуде. Болжамға қатысты тәуекелдер негізінен оның ықтимал нашарлауына байланысты, бұл ең алдымен мұнайдың бағасына және өңірдегі жағдайдың белгісіз болуына негізделген.

Өсудің баяулауын және айтарлықтай буферлік резервтерді ескере отырып, бюджеттік қолдау мөлшерінің ұлғаюы ақталған болып табылады, алайда салық-бюджет саласының орнықтылығын және макроэкономикалық тұрақтылықты бұлжытпай әрі дәйекті түрде қамтамасыз ету аса маңызды. Ұлттық қордың және көпжакты даму банктерінің (КДБ) қаражатынан берілетін бюджеттен қолдау көрсету көлемі соңғы бірнеше жылда ІЖӨ-нің 7 пайызына дейін құрауы мүмкін және, күтіліп отырғандай, инфрақұрылым объектілерін жаңғырту, жеке сектордың дамуын ынталандыру және қаржы секторын жандандыру есебінен экономиканың әлеуетін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Алайда, бюджеттен қолдау көрсетудің тиімділігін қамтамасыз ету үшін ол (i) орнықты мұнайға жатпайтын тапшылықтың ортамерзімді перспективаға белгіленген нысаналы көрсеткішін орындау міндетін ресми органдардың ұстануымен; (ii) ресми органдардың ортамерзімді перспективада проциклділікке, оның ішінде 2017 жылға арналған шығыстар көлемін алдыңғы екі жылдың экономикалық нәтижелерімен негіздей отырып жол бермеуге деген ниетімен; (iii) қаражатты әлеуетті игеру жөніндегі шектеулерді ескере отырып, макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етумен; сондай-ақ (iv) КДБ жәрдемдесуімен жобаларды бағалау жүйесін және мемлекеттік сатып алу саясатын жетілдіру негізінде шығыстардың жоғары сапасын қамтамасыз етумен үйлесімде болуы қажет.

Салық-бюджет саясатының негіздерін нығайту әсіресе Ұлттық қордың қаражаты жұмсалыуының ұлғаюы ескеріле отырып негізгі басымдық болып қалады. Ресми органдар 2013 жылы қабылдаған салық-бюджет стратегиясын жетілдіру бойынша маңызды қадамдарға қарамастан, одан әрі алға қарай жылжу үшін әлі де көп нәрсені істеу керек. Атап айтқанда, бюджетте бюджеттік қызметтің барлық түрін, оның ішінде Ұлттық қорға байланысты түрлерін есепке алуды қамтамасыз ету және бюджетті неғұрлым ауқымды макроэкономикалық негіздермен ықпалдастыруды жақсарту аса маңызды. Осыған байланысты біз ресми органдардың ХВҚ-ның табиғи ресурстарға байланысты кірістердің жиналуы туралы деректердің сапасын жетілдіру жөніндегі алдағы пилоттық зерттеуіне қатысуға дайын екенін қолдаймыз.

Біз Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының және операциялық қызметтің негіздерін жетілдіру жөніндегі жоспарларын толық қолдаймыз. Ортамерзімді кезеңге арналған міндет инфляцияны таргеттеудің негіздерін қабылдау болып табылады. Осы міндетті орындау үшін ресми органдар капитал нарығында негізгі мөлшерлемелерге арналған неғұрлым тиімді бағдарлар жасау және инфляциялық және бағамдық қысымды барынша пәрменді тежеу мақсатында жақын арада ашық нарықтағы операциялар ескеріле отырып қалыптастырылатын жаңа негізгі мөлшерлемелерді енгізуге ниетті болып отыр. Капитал нарығындағы соңғы кездегі тұрақсыздық пен мөлшерлемелердің өсуі осы салада дереу шаралар қабылдау қажеттілігін дәлелдейді. Сонымен бірге, жаңа негізгі пайыздық мөлшерлемені енгізу белгіленген дәліздің шеңберінде айырбастау бағамының айтарлықтай ауытқуын, сондай-ақ болашақта дәліздің шектерін кеңейтуді қамтамасыз етуге тиіс. Саясаттың мақсатына қатысты күтулерді тіркеу және оны іске асыру үшін сондай-ақ өтпелі кезеңге арналған жоспарларды түсіндіру бойынша, оның ішінде ақша-кредит саясатының 2015-2016 жылдарға арналған негізгі қағидаттарын шұғыл жариялау арқылы белсенді жұмыс жүргізу қажет. ХВҚ барлық осы салаларда техникалық көмек көрсетуге дайын.

Сыртқы тәуекелдердің күшеюі қаржы секторының орнықтылығын нығайту бойынша жүргізілетін жұмыстың маңыздылығын арттыра түседі. Қызмет көрсетілмейтін кредиттердің (ҚКК) ауқымды көлемі, оның біраз қысқаруына қарамастан, бұрынғыдай банктердің кредиттеу саласындағы тиісінше делдалдық қызметіне айтарлықтай кедергі жасайды. Біз салық режимі туралы заңнамаға жақында енгізілген түзетулерді (ҚКК реттеу рәсімдерін жеңілдету үшін) және Проблемалық кредиттер қорын қайта капиталдандыруды қолдаймыз және ресми органдарды 2015 жылдың аяғына дейін белгіленген ҚКК-ға қатысты 10 пайыздық деңгейдегі нысаналы көрсеткішке жету жоспарын дереу іске асыруға шақырамыз, бұл ҚКБ - БТА-дағы ҚКК көлемінің ойдағыдай қысқаруына байланысты болады. Тұтастай алғанда, мұнай бағасының құлдырауы нәтижесінде осалдылық факторларының күшеюіне байланысты өзекті болып отырған кезде біз ФСАП миссиясының ұсынымдарын, оның ішінде тәуекелдерді есепке алу негізінде қадағалауға және банк активтерінің сапасын талдауды жүргізуге аса назар аударып, жүйелік тәуекелдерге мұқият мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдарын толық іске асыруға шақырамыз.

Біз КДБ қолдауымен құрылымдық реформаларды жүргізуге деген ресми органдардың ерекше назарын қолдаймыз. Реформалар іскерлік климатты жақсартуға, жұмыс орындарын құруға, адам капиталын көбейтуге және институттарды нығайтуға, сондай-ақ мемлекеттің экономикаға араласуын қысқартуға бағытталуға тиіс. Бұл жұмысты жүргізу сондай-ақ бюджеттік саясаттың жарияланған шараларын тиімді іске асыруды арттырады. Қазақстан өңірлік және жаһандық экономикалық ықпалдасуы шеңберінде 2015 жылғы қаңтарда құрылатын Еуразиялық экономикалық одаққа кіреді, сонымен қатар ЭЫДҰ-мен және Еуропалық одақпен ынтымақтастықты кеңейтеді және ДСҰ-ға кіру процесін аяқтайды.